

*ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысына
«2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»
мәселесі бойынша ҚРҰБ баяндамасы
Астана қ., 2024 жылғы 21 қараша*

Құрметті төраға!

Құрметті Сенат депутаттары!

Алдымен **әлемдегі экономикалық жағдайға** тоқталып өтейін.

Әлемдегі бірқатар әскери қақтығыстар, сондай-ақ дүниежүзілік сауда мен инвестициялар көлемінің жалпы төмендеуі әлемдік экономиканың жағдайы мен дамуына әсерін тигізуді жалғастыруда. Дегенмен, геосаяси тұрақсыздыққа қарамастан, Халықаралық валюта қорының өзектендірілген болжамдарына сәйкес, **2024 және 2025 жылдары әлемдік экономиканың өсуі 3,2%-ті құрайды.**

Орталық банктердің қатаң монетарлық саясат сақтауының арқасында **жаһандық инфляциялық процестер** баяулап келеді. Экономикасы дамыған елдерде инфляция орталық банктердің **нысаналы көрсеткіштеріне жақын.** Біз жетекші елдердің орталық банктерінің ақша-кредит саясатын біртіндеп жеңілдетуге жағдай жасай бастағанын байқап отырмыз.

Қазақстанның қазіргі экономикалық дамуын жоғары қарқынды деп сипаттауға болады. Биылғы 9 айда **жалпы ішкі өнім 4,0%-ке өсті,** бұл өсу өткен жылдың жоғары базасы

аясында болып отыр. Өсу экономиканың барлық салаларында байқалады.

Инфляция біртіндеп төмендеп келеді, алайда оның баяулауы тұрақсыз сипатқа ие. Биылғы жалпы төмендеу үрдісіне қарамастан, қазан айында қыркүйекке қарағанда инфляция жылдық мәнде **8,5%**-ке дейін жеделдеді.

Бұл ретте инфляция 2023 жылғы ақпандағы шарықтаудан **2,5 есе төмендегенін** айта кеткен жөн. **Алайда, бұл деңгей Ұлттық Банк белгілеген мақсатты көрсеткіш – 5%-тен айтарлықтай жоғары.**

Инфляция төмендеуінің маңызды факторларының бірі **азық-түлік тауарлары** бағасының тұрақтануы болып табылады, олар **4,9%**-ке дейін баяулады. **Азық-түлік емес тауарлары** инфляциясы әлдеқайда аз баяулап, жылдық мәнде **7,8%**-ды құрады.

Ең үлкен өсуді **ақылы қызметтер** инфляциясы көрсетіп отыр, мұндағы өсу - **14,3%**.

Инфляция динамикасы Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес келеді және ол **ұстамды қатаң ақша-кредит саясатының**, сондай-ақ **Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларының** нәтижесі болып табылады.

Жыл басынан бері Ұлттық Банк **базалық мөлшерлемені төрт рет төмендетті.** Яғни 1,5 пайыздық тармаққа **15,75%**-тен **14,25%**-ке дейін.

Біздің болжамдарымыз бойынша, алдағы екі жылда инфляция біздің 5%-тік таргетке жақындайды. **2025** жылы **5,5-7,5%** дәлізде, ал **2026** жылы – **5-7%** аралығында қалыптасады. Қазіргі уақытта болжамдарды жаңартудың тоқсан сайынғы болжамды раунды деп аталатын процес жүріп жатыр, біз **29 қарашада** оның қорытындыларын жариялаймыз.

Сонымен қатар, сақталып отырған **проинфляциялық тәуекелдерді** атап өту қажет. **Сыртқы тәуекелдерге** – негізгі серіктес елдердегі бағаның өсуі және азық-түліктің әлемдік бағасының өсуі жатса, **ішкі тәуекелдерге** – тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифтерінің үздіксіз өсуі, фискалдық ынталандыру аясында ішкі сұраныстың сақталуы, сондай-ақ инфляциялық күтулердің баяулауы жатады.

Біз **мұнайлық емес тапшылықтың** жоғары болып қала беретінін және бюджет шығыстарының едәуір бөлігі әлі де **Ұлттық қордан берілетін трансферттерге** тәуелділігін көріп отырмыз.

* * *

Құрметті депутаттар!

Ұлттық Банк **макроэкономикалық тұрақтылықты** сақтау және орта мерзімді перспективада **инфляцияның 5%-тік нысаналы көрсеткішіне** қол жеткізу бойынша жұмысты жалғастырады. Маңызды инфляциялық тәуекелдер ұстамды қатаң ақша-несие шарттарын сақтауды талап етеді.

Біз тұрақты **экономикалық өсуге** және **азаматтардың әл-ауқатын** арттыруға жағдай жасау үшін келіп түскен

экономикалық деректер мен тәуекелдерді мұқият қадағалап отырамыз.

Назарларыңызға рақмет!